



KASE АПТАЛЫҒЫ

18-22 тамыз, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ [KZ2C00015071](#) (PRKRb11), "Аграрлық несиелік корпорациясы" АҚ [KZ2C000015246](#) (AGKKb23), "АРКАДА ИНДАСТРИ" ЖШС [KZ2P00014806](#) (ARCDpp4), [KZ2C00014975](#) (GRVAPP1) "GRV" АҚ, Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органы [KZMJ00002418](#) (KGK024_241), "Бухта" Микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00014475](#) (MFBHb1), "Mobilica" ЖШС [KZ2P00015001](#) (MBLCpp1), "Birinshi Lombard" ЖШС [KZ2P00013311](#) (MFBLa6) және [KZ2P00014202](#) (MFBLa7) облигациялары және "Интергаз Орталық Азия" АҚ [облигацияларының](#) үш шығарылымы енгізілді.
- KASE-де [KZ2P00014590](#) (MFMOB32) "Mogo Kazakhstan" МҚҰ ЖШС, [KZ2P00014640](#) (MFCFb2) "Азия кредиттік қоры" Микроқаржы ұйымы" ЖШС облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де Перу Республикасы Экономика және қаржы Министрлігінің US715638BU55 (PE_01_2708) және US715638DE95 (PE_02_2601) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық [қайта басталды](#).
- KASE-де "Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты" АҚ KZ2C00013811 (UZPAb1) облигацияларымен сауда-саттық [тоқтатылды](#).
- "Сентрас Секьюритиз" АҚ KASE шетел валюталарымен сауда-саттыққа қатысуға [жіберілді](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 113,3 млн MEUKAM [KZKD00000790](#) (MUM180_0011), 71,7 млн MEUKAM [KZKD000000444](#) (MUM180_0004) және 60,5 млн MEUKAM [KZKD0000774](#) (MUM300_002) орналастырды.
- "Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы" АҚ жазылым арқылы KZ2C00014736 (KZIKb39) бес жылдық облигацияларын орналастыра отырып, 15,2 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00011989 (KFUSb72) облигацияларын орналастыру арқылы 12,6 млрд теңге [тартты](#).
- "Аграрлық несиелік корпорациясы" АҚ KZ2C00015246 (AGKKb23) облигацияларын орналастыру арқылы 18,6 млрд теңге [тартты](#).
- Үш облыстың әкімдіктері 4,0 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Эйр Астана" АҚ 2025 жылдың 12-18 тамызы аралығында өзінің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ 2025 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын 22 қыркүйекте өткізу туралы [хабарлады](#).
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы операциялық және қаржылық нәтижелер туралы презентация [ұсынды](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ Fitch Ratings агенттігі банктің және оның облигацияларының рейтингтік бағаларын растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".

22.08.2025	Трендтер (%)		
KASE Индексі	6 693,93	-2,5	4,9
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а

Pfizer Inc.	25,82	3,2	4,3
Testa, Inc.	337,57	2,6	2,5
Bank of America Corporation	48,43	1,5	1,4
AT&T Inc.	29,11	0,7	5,2
АО "KEGOC"	1 440,99	0,2	0,4
АО "КазТрансОйл"	803,70	0,4	0,7
АО "Кселл"	3 355,56	0,7	3,3
PayPal Holdings Inc.	69,08	0,8	8,0
АО "Казхстелеком"	40 882,00	0,9	2,6
Apple Inc.	228,50	0,9	7,1
АО "Народный Банк Казахстана"	363,13	1,1	9,5
Freedom Holding Corp.	176,00	1,1	0,9
NVIDIA Corp.	177,04	1,4	5,5
Intel Corporation	24,70	1,4	5,9
АО "KM GOLD"	69,28	1,5	3,9
АО "ForteBank"	23,12	1,7	10,5
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	19 550,00	1,9	4,6
АО Kaspi.kz	50 393,05	2,1	5,9
АО "Эйр Астана"	739,00	2,2	0,1
Microsoft Corporation	508,89	2,7	0,1
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	23 456,08	3,0	1,8
Advanced Micro Devices, Inc.	167,97	4,9	9,1
АО "Банк ЦентрКредит"	4 400,03	6,0	18,9

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

Өткен аптада KASE Индексі 2,5 % төмендеп, 6 694 тармақты құрады.

Эйр Астана 12-18 тамыз аралығында сатып алу бағдарламасына сәйкес жалпы сомасы 40 мың АҚШ долларына 7 115 жаһандық депозитарлық қолхат сатып алғанын хабарлады. Жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алудың орташа сараланған бағасы 5,6 АҚШ долларын құрады. Компанияның акциялары бір апта ішінде 2 % төмендеп, 739 теңгені құрады.


Nalyk 2025 жылдың 1-жартыжылдығы мен 2-тоқсанындағы қаржылық нәтижелерін жариялады. Банктің таза пайыздық кірісі бірінші жартыжылдықта 32 % 574 млрд теңгеге дейін өсті, ал таза пайда 39 % артып, 526 млрд теңгені құрады. Акцияға шаққандағы пайда бір жыл бұрынғы 34 теңгеге қарағанда 48 теңгеге жетті. Сонымен қатар, Банк 22 қыркүйекте өтетін акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыру туралы жариялады. Күн тәртібінде 2024 жылдағы бөлінбеген пайдадан дивиденд төлеу мәселесі тұр. Директорлар кеңесі акцияға 21 теңге төлеуді ұсынды. Акционерлер тізілімін тіркеу күні 23 қыркүйекке, ал төлемдердің басталуы 25 қыркүйекке белгіленді. Банктің акциялары бір апта ішінде 1,2 % төмендеді.

KASE Индексіне кіретін басқа қаржы компаниялары да теріс нәтижелер көрсетті. Kaspi.kz акциялары 2 % төмендеді, сонымен бірге ЦентрКредит Банкінің акциялары 6 % төмендеді.




Сондай-ақ ҚазМұнайГаз 2025 жылдың 1 жартыжылдығындағы қаржылық нәтижелерін жариялады. Компанияның кірісі 6 % өсіп, 4,5 трлн теңгені құрады, пайыздарды, салықтарды, тозуды және амортизацияны шегергенге дейінгі пайда – EBITDA 16 % 1,1 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Бұл ретте таза пайда 3 % 534 млрд теңгеге дейін төмендеді, ал бос ақша ағыны 13 % 682 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Компанияның акциялары бір апта ішінде 2 % төмендеді.

Қазмұнайгаздан кейін Қазатомөнеркәсіп 2025 жылдың алты айындағы қаржылық нәтижелерін жариялады. Компанияның таза пайдасы екі есеге қысқарып, бір жыл бұрынғы 572 млрд теңгеге қарағанда 263 млрд теңгені құрады. Компанияның 2024 жылғы есептілігіне сәйкес көрсеткішке "СП Буденовское" ЖШС шоғырландырудан түскен біржолғы табыс әсер етті. Ағымдағы кезеңде бағамдық айырмашылықтан қосымша қысым болды. Атом компаниясының акциялары 2,5 % төмендеді.




Ақша нарығында TONIA біркүндік репо тарту мөлшерлемесі өзгерген жоқ және аптаның қорытындысы бойынша жылдық 15,50 % құрады. Біркүндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 14,37 % дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Шілде айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 4 %, АҚШ доллары үшін 540,72 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 235 млн АҚШ долларынан 260 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Шілде айында Ұлттық қордан валютаны сату 700 млн АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуді, сондай-ақ "Талдықорған-Үшарал" магистральдық газ құбырын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордың сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 12 % немесе күніне шамамен 32 млн АҚШ долларын құрады.

Салық айы шеңберінде күтілетін фискалдық түсімдерді ескере отырып, Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша республикалық бюджетке трансферт бөлуге тамызда Ұлттық Банк Ұлттық қордан 400-ден 500 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

Айнадағыдай қайталау операциялары аясында шілде айында 290 млрд теңге зарарсыздандырылды. Тамыз айында осы мақсатта 290 млрд теңге баламасында валюта сатылады деп күтілуде.


30 шілдеде валюта нарығындағы өте төмен өтімділік және алыпсатарлық қысымның күшеюі аясында Ұлттық Банк 125,6 миллион АҚШ доллары көлемінде валюталық интервенциялар жүргізді.

Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сату жөніндегі норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі шамамен 450 млн АҚШ долларын құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұзақмерзімді кезеңде кемінде 40 % деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк шілде айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жүзеге асырды, оның жалпы сомасы 35 млн АҚШ долларын немесе сауда-саттықтың жалпы көлемінің шамамен 0,6 % құрады. Ағымдағы бағам деңгейінде БЖЗҚ валюталық үлесінің 40 % артуына байланысты тамыз айында БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен валюта сатып алу жоспарланбайды.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
 S&P 500	6 466,91	0,3	1,7	16,1	0,2
 Dow Jones	45 631,74	1,5	1,4	12,1	1,5
 PTC	1 130,09	-4,7	-0,9	20,1	
 MMBБ	2 896,76	-3,8	2,0	6,3	
 Hang Seng	25 339,14	0,3	-0,8	43,6	0,5
 SS CSI 300	4 378,00	4,2	6,3	32,1	4,1
 Euro Stoxx 50	5 488,23	0,7	2,7	12,3	0,6
 FTSEuroFirst	6 159,00	1,0	2,8	12,8	1,1
 FTSE 100	9 321,40	2,0	2,9	12,5	2,0
 KASE	6 693,93	-2,5	4,9	26,5	

Шикізат нарығы

22.08.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	67,73	2,9	-1,1	-12,3
Мұнай (WTI)	63,66	1,4	-2,4	-12,8
Табиғи газ	2,70	-7,5	-12,3	31,4
Мыс	445,90	-0,7	-23,1	7,5
Темір	789,00	-0,4	-3,7	4,8
Алтын	3 371,86	1,1	-0,5	35,7
Күміс	39,05	2,8	-0,6	34,5
Астық	504,75	-0,3	-6,6	-1,2

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
25.08 Жаңа тұрғын үй сату (шілде)	USD	635K	627K
26.08 Тұтынушылардың сенім индексі СВ (тамыз)	USD	96,3	97,2
27.08 Шикі мұнай қоры	USD		-6,014M
27.08 ЖІӨ (айлық) (ж/ж) (маусым)	RUB		1,2%
28.08 ЖІӨ (тоқ/тоқ) (2тоқ)	USD	3,0%	-0,5%
28.08 Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны	USD	231K	235K
29.08 Германияның тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (а/а) (тамыз)	EUR	0,0%	0,3%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	11,8%	01.08.25	11,8%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	52,5	01.08.25	51,8
Ақша базасы, млрд KZT	14 687,1	01.08.25	14 019,2
Ақша масса, млрд KZT	41 189,3	01.08.25	46 895,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 тұрақты	21.02.25	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Baa1/тұрақты	09.09.24	Baa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.07.25	BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы,
А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй,
Almaty Towers көпфункционалды кешенінің
солтүстік мұнарасы, 8-қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28

KASE




FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.